

**6D020500 - Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Акабаева Мадина  
Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік  
аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)»  
атты диссертациялық зерттеуіне**

**ШКІР**

Акабаева Мадина Отановнаның зерттеу жұмысы тіл біліміндегі медиалингвистика, когнитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы сияқты бірнеше аспектілерді қамтыған күрделі тақырыпқа арналған. Ізденуші медиамәтіндердің лингвистикалық сипаттарын жан-жақты қарастыра келе, медиамәтіндердің медиаконтенттілігі, бұқаралық сипаты, мәтіннің интегративтілігі мен ашықтығы, мәдени детерминизм сияқты басты белгілерін атап көрсетеді. Медиамәтіндерді әртүрлі семиотикалық кодтарды (вербалды, вербалды емес, медиа) біртұтас коммуникативті тұтастыққа біріктіретін және мазмұндық-семантикалық, композициялық-құрылымдық, таңбалық деңгейлердегі интегративті, көпдеңгейлі тілдік бірлік ретінде анықтайды.

Диссертант қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік ерекшеліктерін балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндеріне концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация әдісі, метафоралық модельдеу, фреймдік талдау жасау арқылы ашып көрсеткен.

Диссертацияның теориялық және тәжірибелік маңызы жоғары. Зерттеудің нәтижелерін балаларға арналған телебағдарламалар тіліне қатысты ғылыми зерттеулер жүргізуде, жоғары оқу орындарында «Медиалингвистика», «Когнитивті лингвистика», «Мәтін лингвистикасы» пәндерін оқытуда және оқу-әдістемелік құралдарды дайындау барысында қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының тілі ғылыми стиль талаптарына сай. Мазмұны мен техникалық рәсімделуі қойылатын талаптарға толықтай жауап береді.

Қорыта келгенде, Акабаева Мадина Отановнаны «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) атты зерттеу жұмысы 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайықты деп есептейміз.

**«Торайғыров университеті» КеАҚ,  
ф. ғ. к., профессор**



**Кадырова Б.М.**

